

Ескелді ауданындағы кейбір ауылдардың атауларын өзгерту туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2008 жылғы 13 маусымдағы N 126 қаулысы және Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 13 маусымдағы N 10-63 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2008 жылы 26 маусымда N 2011 тіркелген

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабындағы 4-тармағына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ,** және облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ескелді ауданы Ақын Сара ауылдық округіндегі бұрынғы Ақын Сара ауылының атауы **А қ т ұ м а** ауылы ;

Бақтыбай Жолбарысұлы ауылдық округіндегі бұрынғы Бақтыбай ауылы Өтенай ауылы **б о л ы п** өзгертілсін.

2. Ескелді ауданының әкімі белгіленген тәртіппен осы шешімді орындасын.

3. Облыстық статистика басқармасы (Б. Төлепбаев) облыстық әкімшілік-аумақтық бірліктерін есепке алу мен тіркеуіне өзгеріс енгізсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

А л м а т ы о б л ы с т ы қ м ә с л и х а т ы

сессиясының төрағасы

А л м а т ы о б л ы с т ы қ

мәслихатының хатшысы